

**I тарау.**

**ЕРТЕ ОРТА  
ҒАСЫРЛАРДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТЕР  
(VI-IX ғ.).**

# МАЗМҰНЫ

**ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ**

**БАТЫС ТҮРІК  
ҚАҒАНАТЫ**

**ТҮРГЕШ ҚАҒАНАТЫ**

**ҚАРЛУҚ ҚАҒАНАТЫ**

**ОҒЫЗ МЕМЛЕКЕТІ**

**ҚИМАҚ ҚАҒАНАТЫ**

**ЖАРТЫЛАЙ КӨШПЕЛІ  
ЖӘНЕ ОТЫРЫҚШЫ  
МӘДЕНИЕТТЕРДІҢ  
ӨЗАРА ӘСЕРІ**

**АРХИТЕКТУРА ЖӘНЕ  
ӨНЕР**

**КӨНЕ ТҮРІКТЕРДЕГІ  
ЖАЗБА МӘДЕНИЕТІ**

## ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ (552-603 ЖЫЛДАР)



Түрік қағанаты жерімізде құрылған алғашқы ерте феодалдық мемлекеттің бірі. Қағанат оңтүстік-шығысында Қытаймен, оңтүстік-батысында парсылармен шектесіп жатты. Түрік қағанатының негізгі құрамы түрік тілдес халықтардан тұрады. Олардың басым көпшілігін теле (тирек) тайпалары құрады. Теле – түрік тілдес тайпалардың ортақ атауы. Қытай шежіресі бойынша “теле” сөзінен “түрік” атауы қалыптасқан. 542 жылғы қытай жылнамасында түрік этнонимі туралы жазылған. 552 жылы Түрік қағанаты құрылып, 603 жылға дейін өмір сүреді.

## ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ (552-603 ЖЫЛДАР)

552 жылы Бумын Анагуй билеген авар (жужан) мемлекетін талқандайды, Бумын қаған жужандарды жеңген жеңісі үшін “елхан” деген атақ алады.

Алайда Бумын 552 жылы қаза болып, орнына баласы Қара-Еске қаған болады. Қара-Еске қағанның бастауымен түріктер аварларды Орхонның жоғары жағындағы Букрат тауларында екінші рет жеңді.

552-554 жылдары Мұқан қаған (552-572) кезінде жужандар бас көтерместей болып жеңілді. Осы кезден бастап түріктер Ұлы Даланың шығыстағы қожасына айналды. Түріктер Орта Азияның ішкі аумақтарына жасаған жорықтарында эфталиттерден қатты қарсылық көрді. Түріктер эфталиттерді он жылдан кейін, 563-567 жылдары жаулап алды. Қытай, Иран, Византия сияқты ірі мемлекеттерге өздерінің саяси ықпалын жүргізген күшті мемлекеттің біріне айналды.


Иштеми Батысқа жорық жасап, соғдыларды бағындырып, кейінен Алтай тайларының солтүстігіндегі халықтарды бағындырды.

Кең байтақ жерді алып жатқан Түрік қағанаты саяси жағынан бір орталыққа бағынған күшті мемлекет бола алмады. 581 жылы қағанаттың өз ішінде соғыстар басталды. Бұл жағдайды пайдаланған Қытай және басқа мемлекеттер түріктерге шабуылдады. 603 жылы Түрік қағанаты Батыс және Шығыс Түрік қағанаты болып бөлінді

**Саяси тарихы**

## ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ (552-603 ЖЫЛДАР)

<b>Қағандары</b>	Бумын, Қара-Еске, Мұқан, Тобо, Иштеми, Түріксанфа.
<b>Астанасы</b>	Суяб
<b>Территориясы</b>	Түркі қағанатының күшейген уақытында Солтүстік-Шығыс Қытай (Маньчжурия), Моңғолия, Алтай, Шығыс Түркістан, Батыс Түркістан, Орта Азия, Қазақстан және Солтүстік Кавказ территорияларына иелік еткен.
<b>Шаруашылығы</b>	Түріктер негізгінен көшпелі және жартылай көшпелі мал шаруашылығымен айналысты. Тараз қаласы маңынан қыстақ-кенттер табылған. “Күлтегін” жазба ескерткішінде де қала туралы сөздер кездеседі. Түріктердің алғашқы кездегі мәйітті өртеп жерлеуі отқа табынушылықтан туған.
<b>Этникалық құрамы</b>	Теле, оғыздар, ұйғырлар, үйсіндер, оғыздар, қырғыздар, дулу және т.б.
<b>Деректер</b>	<ul style="list-style-type: none"><li>□ 563–567 жж. – Түріктердің Эфталит патшалығын жаулап алуы.</li><li>□ 567 ж. – Византияның түрік қағанына Земарх елшілігін жіберуі.</li><li>□ 568 жылы соғды көпесі Маниах бастаған түрік елшілігі Константинопольге келіп, Византия императоры II Юстинианмен әскери-сауда шарт жасасады.</li></ul>



## **ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ (552-603 ЖЫЛДАР)**

- **542 жылы түріктердің бейбіт қатынаста болған мемлекеті:**
- **Алтай тайпаларын бағындырған қаған:**
- **Тайпааралық соғыс басталды:**
- **Түрік тайпаларының қыстаулары орналасты:**
- **Түрік этнонимінің қытай жылнамаларында белгілі болған уақыты:**
- **Түрік қағанатының өмір сүрген жылдары:**
- **Түріктер Солтүстік Кавказ бен Қара теңіз бойына үстемдік етті:**
- **Түріктердің наным-сенімі:**
- **Түріктердің эфталиттерді жаулап алған жылы:**
- **Қазақстан аумағында құрылған алғашқы феодалдық мемлекет:**
- **Қара-Еске қағанның аварларды жеңген жері:**
- **Қыстақ-кенттер табылды:**
- **Қытай билеушілерінің түріктерге төлеген салығы:**
- **” Елхан” атағын алған түрік қағаны:**



# БАТЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ (603-704 ЖЫЛДАР)



Батыс Түрік  
Қағанаты



## БАТЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ (603-704 ЖЫЛДАР)

<b>Саяси тарихы</b>	<p>Қазақстан аумағында 603 жылы Батыс Түрік қағанаты құрылды. Шегу мен Тон қағандар тұсында қағанаттың саяси билігі күшейді. Шегу қаған шығыстағы шекараны Алтайға дейін, батыстағы шекараны Тарым өзені мен Памир тауына дейін жеткізді. Тон қаған Орта Азиядағы басқару жүйесін қайта құрған. Халқының құрамы алуан түрлі тайпалардан тұратын қағандықта 630 жылдан бастап билік үшін талас басталды.</p> <p>Нушеби тайпасының қолдауымен Ешбар Елтеріс 634 жылы билікті иеленді. Ешбар Елтеріс елді басқаруды қайта құрып, “он-оқ бұдун” жүйесін енгізді. Қағанның он түменнен тұратын әскери жасағы болды. Дулу мен нушеби арасындағы 640-657 жылдардағы тартыс қағандықты мүлде әлсіретті. Осыны пайдаланған Қытай әскері 659 жылы Жетісуға басып кіреді.</p>
<b>Қағандары</b>	Шегу, Тон, Ешбар Елтеріс.
<b>Астанасы</b>	Орталығы Шу өзені бойындағы Суяб қаласы болды. Жазғы ордасы Мыңбұлақта орналасты (Жамбыл облысының Қаратаудың шығыс баурайынан Жоңғарияға дейінгі жерді алып жатты).
<b>Территориясы</b>	Шығысы Алтайға дейін, батысы Тарым өзені мен Памир тауына дейін.
<b>Шаруашылығы</b>	Қағанаттағы негізгі шаруашылық - маусымды жайылымға негізделген жартылай мал шаруашылығы болды. Қалалардың дамуында соғдылықтардың рөлі басым болған. 7 ғасырдың бас кезінде түріктер жаппай отырықшылана бастады.
<b>Этникалық құрамы</b>	Он тайпа: бес нушеби (Шу өзенінен шығысқа қарай) және бес дулу (Шу өзенінен батысқа қарай) тайпаларына бөлінді.
<b>Шығыс Түрік қағанаты</b>	Шығыс Түрік қағанаты 682-744 жылдары өмір сүрді. Құтлық (Елтеріс), Қапаған қағандар тұсында қағанат қуатты мемлекетке айналды. Аумағы – Қазақстан, Орталық Азия, Шығыс Түркістан, Оңтүстік Сібір. Даңқты қолбасшы Тонкөк түркі халқының жауынгерлік даңқын асқақтатты. 741 жылы Білге қағаннан кейін қағанат әлсіреп, ыдырай бастады.

# БАТЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ (603-704 ЖЫЛДАР)

## ҚОҒАМДЫҚ ҚҰРЫЛЫМЫ

### ҚАҒАН

*жоғарғы билеуші және  
әскербасы болып  
саналды*

### ЯБҒУ, ШАД, ЕЛТЕБЕР

*жоғарғы лауазымды  
қаған руынан шыққан  
ақсүйектер иеленді*

### БҰРЫҚТАР, ТАРХАНДАР

*сот істерін  
жүргізушілер*

### БЕКТЕР

*жергілікті жерлерде  
қағанның негізгі тірегі*

### ҚАРА БҰДЫНДАР

*қарапайым халық*

Түрік қоғамында  
«тат» сөзі құл  
деген мағынаны  
білдіреді.

# БАТЫС ТҮРІК ҚАҒАНАТЫ

- 659 жылы Жетісуға басып кірген мемлекет:
- Батыс Түрік қағанатындағы негізгі шаруашылық:
- Батыс Түрік қағанатының алғашқы билеушісі:
- Батыс Түрік қағанатының орталығы:
- Батыс Түрік қағанатының халқы:
- Билік үшін талас басталды:
- Ешбар Елтеріс қаған енгізген жүйе:
- Орта Азиядағы басқару жүйесін қайта құрған билеуші:
- Салықтың “қанмен өтейтін” түрі:
- Сот істерін атқарушылар:
- Тон қағанның одақтасы болған ел:
- Түрік қоғамында құлдықтың болғандығын аңғартатын дерек:
- Түріктер жаппай отырықшылана бастады:
- Шегу қағанның билік құрған кезі:
- Шығыс Түрік қағанатының өмір сүрген жылдары:
- Қазақстан аумағында 603 жылы құрылған мемлекет:
- Қағанаттағы жоғарғы билеуші және әскербасы:
- Қытай басқыншыларын жеңген қаған:
- Қытаймен тиімді шарт жасасқан Шығыс Түрік қағаны:
- “Қаған жасыл жібектен желбегей шапан киген”- деп жазған:



# ТҮРГЕШ ҚАҒАНАТЫ (704-756 ЖЫЛДАР)



## ТҮРГЕШ ҚАҒАНАТЫ (704-756 ЖЫЛДАР)

<b>Саяси тарихы</b>	<p>Түргеш қағанаты 704-756 жылдары аралығында өмір сүрген. Алғашқы қағаны –Үшлік.</p>
	<p>Сұлу қаған үш жақты күрес жүргізді.</p> <ul style="list-style-type: none"><li>□ батыста арабтардың шапқыншылығы күшейді,</li><li>□ шығыста Қытай қауіп төндірді,</li><li>□ Шығыс Түрік қағандығы Жетісудағы ішкі қайшылықтарды пайдалануға тырысты.</li></ul>
	<p>Сұлу қаған шығыстағы жағдайды әскери келісімшарт жасаумен қатар, құдандалық жолмен шешуге тырысқан. Сұлу қағанның шайқастарға тікелей өзі қатынасуына және үнемі жеңіске жетуіне байланысты арабтар оған «Сүзеген», «Мүйізді қаған» деп ат қойған. Ол астанасын Тараз қаласына көшіреді. 751 жылы Таразға жақын жердегі Атлах қаласында көмекке келген арабтар мен қарлұқтар бірлесіп, қытай әскеріне күйрете соққы берді. Қытайлардың аман қалған бөлігі Жетісудан біржолата кетуге мәжбүр болды.</p>
	<p>Бірақ жікке бөлінушілік тоқтамай, қағандық біржола әлсіреді. Бұл жағдайды пайдаланған қарлұқ көсемдері 756 жылы Түргеш қағандығын құлатып, билікті өз қолдарына алды.</p>
<b>Қағандары</b>	Үшлік, Сақал, Сұлу.
<b>Астанасы</b>	Үлкен ордасы – Суяб қаласы, кіші ордасы Іле өзені бойындағы Күнгіт қаласы болды.
<b>Территориясы</b>	Қағанаттың негізгі жер аумағы Жетісу болды. Сонымен қатар қағанаттың жері Шаш (Ташкент) қаласынан Бесбалық, Тұрфан қалаларына (Шығыс Түркістан) дейінгі аралықты қамтыды.
<b>Шаруашылығы</b>	Түргештер көшпелі және жартылай көшпелі мал өсірумен, жартылай отырықшы егін салумен шұғылданды.
<b>Этникалық құрамы</b>	Түргештер сары және қара түргештер болып бөлінген. Олар Шу, Талас, Іле өзендерінің бойында өмір сүрген.

## ТҮРГЕШ ҚАҒАНАТЫ (704-756 ЖЫЛДАР)

### Соғдылардың Жетісуға қоныс аударуы

Соғдылар-Орта Азияда өмір сүрген иран тілдес халық. Ежелден Зеравшан мен Қашқадария өзендерінің алабын қоныстанған. VI-VIII ғасырларда соғдылықтарды Түрік қағандығы жаулап алған.

#### Зерттеушілердің соғдылар туралы пікірлері

- **В.В.Бартольд**дың айтуынша, соғдылардың Түркістан мен Жетісуға қоныс аударуы саудаға байланысты. Сондай-ақ араб шапқыншылығы да соғдылардың Жетісуға қоныс аударуын күшейтіп жіберді. Мұны археологиялық зерттеулерден, Іле, Шу, Талас бойындағы қалалық өмірдің дамуынан байқауға болады. Әсіресе VI-VIII ғасырларда соғдылықтар Жетісуға ағыла бастаған.
- VII ғасырдың бас кезінде Жетісуда болған қытай саяхатшысы **Сюань Цзянь** өзінің күнделігінде «Суяб қаласының батыс жағында бірнеше қала бар. Олар басқаларға тәуелсіз, бірақ түріктерге бағынышты өз билеушісі бар» деп жазған.
- **Махмуд Қашқари** еңбегінде «Соғдылықтардың ішінде түрікше сөйлемейтіндері жоқ»-деп жазады.

## ТҮРГЕШ ҚАҒАНАТЫ (704-756 ЖЫЛДАР)

- 748 жылы Суябты жаулап алды:
- Араб басқыншыларына қарсы шайқаста Сұлу қаған бірлескен ел:
- Түргеш мемлекеттің әлсіреуі нәтижесінде ..... жылы Қарлұқ қағанаты құрылды:
- Үшлік хан қай мемлекеттің қағаны болған:
- Арабтардың Сұлу қағанға қойған аты:
- Атлах шайқасында бірігіп шайқасты:
- Орданы Суябтан Талас қаласына көшірген қаған:
- Орта Азияда өмір сүрген иран тілдес халық:
- Соғды жеріндегі арабтар қуып шығарылды:
- Соғдылықтардың Жетісуға көптеп келе бастаған уақыты:
- Сұлу қағанның Тоқарстандағы арабтарды жеңген жылы:
- Сұлу қағанның шығыстағы жағдайды жақсартуда қолданған тәсілдері:
- Сұлудың орнына келген қаған:
- Түргеш теңгелері соғылған қала:
- Түргеш қағанаты құлады:
- Түргеш қағанатының негізгі жер аумағы:
- Түргеш қағанатының орталығы:
- Түргештер туралы алғашқы деректер:
- Түргештерде шаруашылықтағы негізгі мәселенің бірі:
- ” Соғдылықтардың ішінде түрікше сөйлемейтіндері жоқ”-деп жазған ғалым:



## ҚАРЛҰҚ ҚАҒАНАТЫ (756-940 ЖЫЛДАР)





## ҚАРЛҰҚ ҚАҒАНАТЫ (756-940 ЖЫЛДАР)

<b>Саяси тарихы</b>	<p>Алтай тауынан Сырдарияның орталық ағысына дейінгі аймақты алып жатқан қарлұқтар 756 жылы түргештерден билікті алып, өз мемлекеттерін құрды.</p>
	<p>840 жылы қарлұқтар қырғыздармен бірігіп, Ұйғыр қағанатын жеңді. Осы жеңістен кейін Испиджаб қаласының билеушісі Білге Күл Қадыр -хан өзін қаған деп жариялайды. Самани әулеті мұсылман дінін тарату сылтауымен “ғазауат соғыс” жариялап, Испиджабты басып алады. Қала билеушісі саманилерге алым-салық төлеп тұруға міндетті болды. Саманилер Таразды басып алып, қалада мешіт салдырды.</p>
	<p>Саманилерге қарсы күресті Базар Арслан мен Оғұлшақ (Білге Күл Қадыр-ханның балалары) жүргізген. Қарлұқтардың арабтарға қарсы күресі 2 ғасырға жуық мерзімге созылды.</p>
	<p>Қарлұқ қағанатын ішкі тартыстар мен билік үшін күрес әлсіретті. Осыны пайдаланған Қашғардың түрік билеушілері 940 жылы Баласағұнды басып алды. Қағанат талқандалады. Баласағұнды екі жылдан кейін Сатұқ Боғра хан (Арсланның баласы) қайтарып алады. Осы ханның кезінде қарлұқтар арасында ислам дінін қабылдау басталды.</p>
<b>Астанасы</b>	Суяб қаласы, екінші астанасы Баласағұн
<b>Территориясы</b>	Қарлұқ тайпаларының негізгі топтасқан жері Алтай тауынан Балқаш көліне дейінгі аралық.
<b>Мәдениеті</b>	<p>Худуд әл- алам” қолжазбасында: “қарлұқтар тұрған аймақ халық неғұрлым жиі қоныстанған және ең бай жерлер. Қарлұқтар елінде 25 қала мен қоныс бар. Қарлұқтарда аталарының зиратының басына тастан жасалған балбалдарды қою кең тараған. Түрік жазбаларында “Батыр ерлерін балбал етіп қойды” деген жазу табылды. 7 - 8 ғасырлардан құлпытас орнату дәстүрі дами бастады. Орхон-Енисей, Талас-Шу өзендері бойынан табылған түрік жазуларының ішіндегі ең атақтылары – “Күлтегін” мен “Тоныкөк” жазбалары. Бұл ескерткіштер Қарлұқ қағанатының кезінде түрік жазуының жаңа түрде дами бастағанын көрсетеді.</p>
<b>Этникалық құрамы</b>	Араб тарихшысы әл Марвази қарлұқтардың құрамында тоғыз тайпа болған деп жазған: үш жікіл, үш бескіл, бұлақ , көкеркін, тухси. Бұдан басқа лазана мен фаракия рулары аталады.

## ҚАРЛҰҚ ҚАҒАНАТЫ (756-940 ЖЫЛДАР)

- 7 ғасыр басындағы қарлұқтар құрамындағы тайпа саны:
- Қай тайпа 756 жылы Түркеш қағандығын құлатып, билікті өз қолына алды:
- Зират басына қойылатын тас мүсіндер:
- Саманилердің діни ықпалы тараған аймақ:
- Түрік жазуларының ішіндегі ең атақтылары:
- Қарлұқ тайпаларының негізгі топтасқан жері:
- Қарлұқ қағанатының өмір сүрген мерзімі:
- Қарлұқтарды “ежелгі түріктер” деп жазған:
- Қарлұқтардың арабтарға қарсы күресі созылды:
- Қарлұқтардың Жетісуға жылжу себебі:
- Қарлұқтардың мемлекет құрып, күшейе бастағанын көрсететін дерек:
- Қарлұқтардың қосалқы шаруашылығы:
- Қарлұқтардың қыстауларда тұрақтаған уақыты:
- Қарлұқтардың Ұйғыр қағанатына қарсы күресі созылды:
- Қарлұқтарға “ғазуат соғысын” жариялап, шабуылдады:
- Қашғардың түрік билеушілері басып алған қала:
- Қыстаудағы баспаналары салынды:
- “Қарлұқтар тұрған аймақ ең бай жерлер”- деп жазылған қолжазба:



# ОҒЫЗ МЕМЛЕКЕТІ (ІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХІ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)



## ОҒЫЗ МЕМЛЕКЕТІ (ІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХІ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

<b>Саяси тарихы</b>	<p>ІХ ғасырдың аяғы – Х ғасырдың басында Оғыз мемлекеті құрылды.</p> <p>Оғыздар қарлұқ, қимақ тайпаларымен бірігіп, Еділ мен Жайық аралығындағы печенегтерді жеңеді. 965 жылы оғыз жабғуы Киев князі Святославпен Хазарларға қарсы әскери одақ құрды. Нәтижесінде Хазар қағанаты талқандалады. Орыс жылнамаларында 985 жылы князь Владимирдің оғыздармен одақтасып, бұлғарларға жорық жасағаны туралы айтылады.</p> <p>Х ғасырдың соңы мен ХІ ғасырдың басында Әли жабғудың кезінде мемлекет жағдайы күрт нашарлады. Үздіксіз соғыс пен шектен тыс алынатын алым-салық оғыздардың наразылықтарын туғызды. Жент қаласын салжұқтар басып алады. Алайда қала тұрғындары салжұқтарды Женттен қуып шығады.</p> <p>Әли жабғудың мұрагері Шахмәлік тұсында Оғыз мемлекеті күшейді. Ол 1041 жылы Хорезмді жаулап алады. 1043 жылы салжұқтардың қолынан қаза тапты. Қыпшақтар оғыздарды Сырдария, Арал бойынан біржола ығыстырады. 11 ғасырдың басында Оғыз мемлекеті құлады.</p>
<b>Астанасы</b>	Янгикент қаласы (Жаңа Гузия).
<b>Территориясы</b>	Сырдарияның орта және төменгі ағысында
<b>Мәдениеті</b>	Сырдарияның төменгі ағысында Жанкент, Жуара, Жент атты қалалардың орналасуы оғыздардың отырықшылығын дәлелдейді. Ал Сырдарияның орта ағысындағы Қарнақ, Сүткент, Фараб, Сығанақ, Сауран қалалары туралы Махмуд Қашғари жазған.
<b>Этникалық құрамы</b>	Махмуд Қашғаридің дерегі бойынша, оғыздар алғашқыда 24 тайпадан тұрған. Бұл -оғыздардың жаңадан әр түрлі тайпалардан қалыптаса бастаған кезі. Әл-Марвази оғыздардың 12 тайпасы жөнінде ғана жазады. Бұл кезең оғыз тайпаларының бір-біріне қосылып, халықтық халықтық дәрежеге көтеріле бастаған мезгілі болып есептеледі.

# ОҒЫЗ МЕМЛЕКЕТІ (ІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХІ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

- **ЖАҒБУ**

- **КҮЛ-ЕРКІН**

- *жағбудың кеңесшілері*

- **СЮБАШИ**

- *әскербасы*

- **ҰЛЫ, КІШІ ҚҰРЫЛТАЙ**

- **ИНАЛ**

- *жағбудың мұрагері*

- **АТАБЕКТЕР**

- *иналдың тәрбиешісі*

## ОҒЫЗ МЕМЛЕКЕТІ (ІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХІ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

- 11 ғасырда оғыздарды Сырдария, Арал бойынан ығыстырған тайпа:
- 985 жылы оғыздар шабуылдаған ел:
- Хазарларға қарсы соғыста Киев князі Святослав кімдермен одақ құрды:
- Елтірі беретін қойлар көп өсірілетін аймақ:
- Жанкент, Жент, Жуара қалалары орналасты:
- Жетісуда Қарлұқ қағанаты құрылғаннан кейін оғыздар ығысты:
- Жоғарғы билік иесінің лауазымы:
- ОҒЫЗ мемлекетінің аумағы:
- Оғыздар 24 тайпадан тұрған деп жазған ортағасырлық ғалым:
- Оғыздар жеріндегі аймақтар саны:
- Оғыздардың Киев князімен бірігіп, Хазарларды талқандаған жылы:
- Оғыздардың күзгі жайылымдары туралы дерек қалдырды:
- Оғыздардың қарлұқ және қимақтармен бірігіп жеңген тайпасы:
- Салжұқтар басып алған қала:
- Шахмәлік Хорезмді жаулап алды:
- Шонжарлар кеңесі:
- “Түрік қолөнердің барлық түрін өзі істейді...” деп жазған тарихшы:



# ҚИМАҚ ҚАҒАНАТЫ (ІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХІ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)



## ҚИМАҚ ҚАҒАНАТЫ (ІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХІ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

<b>Саяси тарихы</b>	ІХ ғасырдың соңында қимақ тайпасының атымен Қимақ қағанаты құрылды.
	10 ғасырдың басында қимақтар тоғыз-ғұздардың шекаралық қаласы Жамлекесті жаулап алды. Қимақтар Енисей бойындағы қырғыздарға да шабуылдап тұрған.
	Қимақтарға 10 ғасырдың екінші жартысында Қарахан мемлекеті шабуылдай бастады. Қарахандықтардың жорықтары 11 ғасырда жиілей түскен. Осы жорықтардың әсерінен Қимақ қағанаты әлсіреп, ыдырай бастады.
	Қимақ қағанатының құлауының екі себебі болған. <ul style="list-style-type: none"><li>□ Біріншісі-қыпшақ тайпасы көсемдерінің билік үшін таласуы.</li><li>□ Екіншісі-сыртқы қайшылық.</li></ul>
<b>Астанасы</b>	Орталығы-Имақия, екінші астанасы Алакөл жағасындағы Карантия болды
<b>Территориясы</b>	Қағанат Қазақстанның солтүстік-шығыс, орталық аймақтарын алып жатты.
<b>Шаруашылығы Мәдениеті</b>	Қимақтарда мал шаруашылығы басым болды. Махмуд Қашғаридің дерегі бойынша, малдан айрылғандар жатаққа айналып, қолөнер мен балық аулауды кәсіп еткен. Қола айнадағы жазулар 9-10 ғасырларда қимақтардың ежелгі түрік жазуымен жазғанын көрсетеді. Қимақ шонжарлары 10 ғасырда ислам дінін қабылдай бастады.
<b>Этникалық құрамы</b>	Парсы тарихшысы Гардизи қимақтар құрамында жеті тайпа болғандығын жазған. Олар: әймур, байандур, татар, ланиказ, ажлар, имек, қыпшақ. Ең атақтылары- қимақтар мен қыпшақтар.



# ҚИМАҚ ҚАҒАНАТЫ (ІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХІ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)



## ҚИМАҚ ҚАҒАНАТЫ (ІХ ҒАСЫРДЫҢ СОҢЫ – ХІ ҒАСЫРДЫҢ БАСЫ)

- 10 ғасырдың екінші жартысында қимақтарға шабуылдаған мемлекет:
- Жатаққа айналғандардың кәсіптері:
- Қағанаттың құлауының себептері:
- Қағаннан екі саты төмен атақты иеленуші:
- Қимақ қағанатының өмір сүрген мерзімі:
- Қимақтар жаулап алған тоғыз-ғұздардың шекаралық қаласы:
- Қимақтар құрамындағы тайпа саны:
- Қимақтарда мал шаруашылығының басым болғандығын жазған парсы тарихшысы:
- Қимақтардың ішінде қыпшақтар болғандығы туралы жазды:
- Қимақтардың жазу құралы:
- Қимақтардың исламды қабылдаған уақыты:
- Қимақтардың Монғолияның солтүстік-батысын мекендеген мерзімі:
- Қимақтардың саяси өміріндегі беделі күшті топ:
- “Шад-түтік” лауазымы берілді:



# ЖАРТЫЛАЙ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ОТЫРЫҚШЫ МӘДЕНИЕТТЕРДІҢ ӨЗАРА ӘСЕРІ




Орта ғасырдың басында қалалық өмір қалыптаса бастаған. Қалалар мен жартылай көшпелілердің арасында мәдени және экономикалық байланыстар дамыған. 6-9 ғасырларда Қазақстанның оңтүстігі мен Жетісудың оңтүстік-батыс аймақтарында қалалық мәдениет дамыған.

Оңтүстік Қазақстанда отырықшылық мәдениеттің орталығы Отырар, Йасы, Сауран, Сығанақ, Құлан қалалары болған.

Қытай жылнамасында Испиджаб қаласының аты кездеседі. Бұл қала Махмуд Қашғаридің жазуына қарағанда Сайрам деп аталған.

Жетісу аймағында Тараз, Талхир, Алмалық, Қойлық қалалары орналасқан.



Қалалардың құрылысы 3 бөліктен жасалған.

**Цитадель**-қорғанның бекініс құрылыстармен қоршалған орталық бөлігі. Әдетте қамал қабырғаның ішінде орналасқан билеуші сарайы, әкімшілік және діни ғимараттар орналасқан.

**Шахристан**-орталық бөлікті қоршай орналасқан екінші бөлігінде бай-шонжарлар тұрған және тұрмысы орташа қалыптағы қала тұрғындары, қолөнер шеберлері орналасқан.

**Рабат**-үшінші бөлік екіншінің сыртынан қоршай орналасқан. Мұнда егіншілер мен кедейлер тұрған.



Сауда негізгі үш бағытта жүргізілді: халықаралық сауда, қалалардың өз аумағындағы сауда, қалалықтардың далалықтармен сауда байланысы.

# АРХИТЕКТУРА ЖӘНЕ ӨНЕР



VII-VIII ғасырларда басталып, бітпей қалған Ақыртас ғимараты төртбұрышты кесек тастардан қаланған. Білеулі ғимараты Қазақстан мен Қарақалпақстан шекарасы арасында орналасқан.



Ақбешім, Суяб қалаларынан будда ғибадатханаларының орындары табылған (VII-VIII ғ.ғ.). IX ғасырдың екінші жартысынан бастап ислам дінінің архитектуралық құрылыс жүйесі салына бастаған.

Дың ескерткіштері қаза болған адамды жерлеген жерге тұрғызылған. Орталық Қазақстан, Жетісу, Тарбағатай, Маңғыстаудан көп табылды.

Құдық үстіне салынған құрылысты парсыша «сардоба» деп атайды. VI-IX ғасырларда салынған екі сардоба белгілі:

1. Бір және көп күмбезді Мырзарабат сардобасы.
2. Күмбездері бір-біріне жалғастырылып жасалған: Якка сардобасы.

Екі сардобаның құрылысы және күмбездері киіз үйдің жобасына ұқсас. Екі сардоба да Мырзашөл керуен жолының бойына салынған.



Балбал (мүсін тас) қаза болған қолбасшы, атақты адамдардың басына қойылған. Балбал тастар Орталық Қазақстанда, Жетісуда өте көп кездеседі.

Қолданбалы өнер түрлері: балшықтан жасалған терракота, көркем керамика, ұсақ пластика. Терракоталарда адамның бет-әлпеті, шашы, киімі бейнеленеді.



# КӨНЕ ТҮРІКТЕРДЕГІ ЖАЗБА МӘДЕНИЕТІ

Көне түрік әліпбиі 35 әріптен тұрады. Түріктердің әліпбиі өздерінің ру-тайпаларының таңбалары негізінде жасалған. Көне түрік жазуы б.з.б.1 мыңжылдықтың ортасында (б.з.д. V ғ.) қалыптасқан. VIII- IX ғғ. көне түрік жазуының бүкіл халық игілігіне айналды.

- Талас, Іле, Сыр, Ертіс өзендері бойынан табылған ежелгі түрік жазуларына берілен атау: Талас жазуы.
- Ерте орта ғасырда түрік жазуымен қатар ел ішінде кең түрде қолданылған жазу: соғды жазуы. Әсіресе бұл жазу қаған сарайында маңызды рөл атқарған.
- VIII- IX ғасырда түрік жазуының өмірде қолданылу аясының тарылу себебі: ислам дінінің таралуына байланысты түрік билеушілерінің араб жазуын қабылдау.
- Түріктердің жазуы туралы алғашқы деректерді қалдырған Византия тарихшысы: Менандр Протектор.

Орхон – Енисей таңбалары	Дыбыстық мағына	Орхон – Енисей таңбалары	Дыбыстық мағына
𐰀 𐰁 𐰂	а, э (е)	𐰃 𐰄 𐰅 𐰆	м, м'
𐰇 𐰈 𐰉	и, і (е)	𐰊 𐰋	н
𐰌 𐰍	о, у	𐰎 𐰏 𐰐 𐰑	п'
𐰒 𐰓 𐰔	ө, ү	𐰕	𐰖 (вв)
𐰗 𐰘 𐰙	б	𐰚 𐰛 𐰜	л, л'
𐰝 𐰞 𐰟 𐰠	б	𐰡 𐰢	п, п'
𐰣 𐰤 𐰥 𐰦 𐰧	ғ	𐰨 𐰩 𐰪	р
𐰫 𐰬 𐰭 𐰮	ғ	𐰯 𐰰 𐰱	р'
𐰲 𐰳 𐰴 𐰵	а	𐰶 𐰷 𐰸 𐰹	с
𐰺 𐰻 𐰼 𐰽	а	𐰾	с'
𐰿 𐱀 𐱁 𐱂	з, з'	𐱃 𐱄 𐱅 𐱆 𐱇	т
𐱈 𐱉	д	𐱊 𐱋 𐱌 𐱍	т'
𐱎 𐱏 𐱐	д	𐱑 𐱒 𐱓	ч, ч'
𐱔 𐱕 𐱖	к	𐱗 𐱘 𐱙 𐱚 𐱛 𐱜 𐱝	ш
𐱞 𐱟 𐱠	к, у(к)	𐱡 𐱢 𐱣 𐱤 𐱥 𐱦 𐱧	ш'
𐱨 𐱩	к, (кн)	𐱪 𐱫 𐱬 𐱭	ш', л', л'
𐱮 𐱯	к	𐱰 𐱱 𐱲 𐱳 𐱴 𐱵	ш', н', н'
𐱶 𐱷 𐱸	к, (кн)	𐱹 𐱺 𐱻 𐱼 𐱽	ш', н', н'
𐱾 𐱿 𐲀 𐲁	л	𐲂 𐲃 𐲄 𐲅	ш'
𐲆 𐲇 𐲈	л	𐲉 𐲊 𐲋 𐲌 𐲍 𐲎 𐲏 𐲐	сөз айыру белгісі

Көне түрік тілінде жазылған жәдігерлер саны: **200- ден астам;**

Түріктердің жазба әдебиеті дүниеге келген кезең: **VIII ғ.**

Түрік сына жазуының көне ескерткіштері: «**Күлтегін**», «**Тоныкөк**». Мұнда Түрік қағанатының құрылуы мен дәуірлеуі, ақырында күйреуі жайында айтылады. Дастандардағы тарихи суреттер әдеби- көркемдік тәсілдермен өрнектелген.

VIII –IX ғасырларға жататын әдеби шығармалар: «**Оғызнама**», «**Қорқыт ата**»

«Қорқыт ата» кітабы мен «Оғызнама» дастанының қағазға түсе бастаған уақыты: **XI ғ.** «Қорқыт ата» кітабы: **12 жырдан тұрады.** «Оғызнама»- II ғасырдағы тарихи оқиғаларға байланысты туған әдеби шығарма. VI ғасырда парсы тіліне, IX ғасырда араб тіліне аударылған. «Оғызнаманың» ескі нұсқасын XIII ғасырда бірінші жазып қалдырған тарихшы: **Рашид ад- Дин.** «Оғызнама» дастаның XVII ғасырда толық жазып қалдырған: **Әбілғазы хан**

## ЖАРТЫЛАЙ КӨШПЕЛІ ЖӘНЕ ОТЫРЫҚШЫ МӘДЕНИЕТТЕРДІҢ ӨЗАРА ӘСЕРІ

- Сауданың жандануына әсер етті:
- Иран, Византиямен сауда келіссөздерін жүргізген түрік қағаны:
- Қазіргі Сайрам қаласының бұрынғы атауы:
- Қалалардың құрылыс жүйесінің бөліктері:
- Қалалық мәдениет дамыған аймақ:
- Қалалық өмір қалыптаса бастады:
- VI-XI ғасырларда салынған екі сардобаны көрсетіңіз:
- Будда ғимараттарының орны табылған қалалар:
- Ақыртастан кіші сәулет өнері:
- Будда ғибадатханаларының орындары табылған қала:
- Дың ескерткіштері көп салынған кезең:
- Ислам дінінің архитектуралық құрылысы салына бастады:
- Терракоталарда бейнеленеді:
- Құдық үстіне салынған құрылыс:
- VIII-IX ғасырларға жататын әдеби шығарма:
- Көне түрік жазуларының ескерткіштері табылған жер:
- Көне түрік жазуы қалыптасқан мерзім:
- Көне түрік жазуының бүкіл халық игілігіне айнала бастаған кезеңі:
- Көне түрік әліпбиіндегі әріп саны:

